



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

образами ,вербализованными в большом количестве фразеологизмов и идиом английского языка . Исследуемые концепты совмещают в себе черты мировоззренческого, философского, аксиологического, религиозного начала, в них органично сливаются материальные и духовные субстанции, т.е. они являются сложными синтетическими образованиями.

Список использованных источников

1. Platonov O. Holy Russia: Encyclopedic Dictionary of Russian Civilization, М., 2000, 1037с.
2. Кунин А.В. Большой англо-русский фразеологический словарь, 4-е изд., перераб. и доп. - М.: "Русский язык", 1984. - 944с.
3. www.bibliotekar.ru/encCelt/
4. Андреева Е.А. Образность русских и немецких фразеологизмов диады "Счастье-Несчастье". – Казань: Изд-во Казан.ун-та, 2009, 57с.
5. www.symbolarium.ru

УДК 81'286[811.512.122+811.111]

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІ: ЖЕРГІЛІКТІ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Кожаметова Ботагоз Бектемисовна

akbotabota@mail.ru

Студентка 3-курса кафедры иностранной филологии ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Сабитова Л.С.

Тіл –қай ұлтта, қай елде болсада қастерлі, құдіретті. Тіл байлығы –әрбір ұлттың мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашағындай қорғауға, орынсыз шұбарлануына жол бермеуі қажет. Ұшса құстың қанаты талатын ұлан-ғайыр аймақты алып жатқан қазақ жеріне Еуропаның барлық мемлекеттерін сыйғызуға болатындығы біздің мақтанышымыз, мәселе оның көлемінде ғана емес, әр түрлі байлығында да жатыр. «Береке басы бірлік» дегенді өмір тұтқасы, тіршілік тірегі деп білген қазақ халқының тілі өзінің біртұтастығымен, тілдік ерекшеліктерімен бұрын-соңды зерттеушілерін таңдандырды, әлі де таңдандырып келеді.

Бір елдің белгілі бір ауданында қолданылатын тілдің өзге елдің сөзінен ерекшелігі - жергілікті ерекшелік болып табылады. Дүниеде диалектсіз тіл болған емес. Халық тілі дегеніміз- сол диалектердің жинағы деп Құдайберген Жұбанов айтқан болатын [1;2-3].

Біз бұл тұрғыда зерттеушінің айтқан ойымен толығымен келісеміз, себебі жергілікті тіл ерекшеліктері, яғни диалектер қарапайым халық арасында күнделікті қолданылатын және тарихи аумағына байланысты қалыптасқан шынайы тіл. Ал қандай халықтың тілі болмасын негізгі бастауы күнделікті қолданылатын халық тілінен бастау алады. Мұны ғылымда *диалектілік құбылыстар* деп атайды. Қазақ тіліндегі диалектілік мәселе көп жылдар бойы нақты шешімін таппай келе жатқан маңызды жағдаяттардың бірі болып табылады.

Бұл мақалада біздер ағылшын және қазақ тілдерін салыстыру негізіндегі жергілікті тіл ерекшеліктерін айқындау және қазақ тілінде диалект ұғымының бар немесе жоқтығын анықтады мақсат еттік. Біздер ағылшын және қазақ тілдерін салыстыра отырып, *жергілікті тілдік ерекшелік, диалект, говор және наречие* ұғымдарына нақты анықтама бердік. Қазақ тілі мамандарының және зерттеушілерінің арасындағы, нақты шешімі табылмаған диалектология мәселелерін қарастырып, ағылшын және қазақ тілдерінің жергілікті тілдік ерекшеліктерін аумаққа байланысты салыстыру жұмыстарын жүргіздік. Зертеу барысында интерпретативтік және дискриптивтік, интроспекция және тарихи, сұрақ-жауап және статистикалық, салыстыру әдістерін қолданылды.

Менің ойымша диалектілік құбылыстар— халық тілінің жемісі, халық тілі дамуының кезеңі тудырған тіл құбылыстары. Әрбір өлкеде тұратын қазақтардың

тілінде, ағылшындықтардың тілінде де кездесетін тіл айырмашылығының пайда болуының тарихи сыры бар. Қазақ тілі және ағылшын тіліндегі жергілікті тілідік ерекшеліктерге қатысты көптеген зертеу жұмыстары жүргізіліп, маңызды еңбектер жазылды. Тарихи фактілермен анықталып, зерттеушілер арқылы дәлелденген ағылшын тілінде нақты түрде диалект бар деп айтуымызға болады. Алайда, қазақ диалектологиясы — Қазан революциясынан кейін пайда болып, қалыптаса бастаған сала. Оның не бары жетпіс жылдай ғана тарихы бар. Қазақ тіліндегі сөйленістер 1950 жылдардың 2-жартысынан зерттеле бастады. Қазақ диалектілерінің өз ішінде сөйленістерге бөлінетіні туралы алғаш *А. Аманжолов, Н. Сауранбаев, Ж. Досқараев* еңбектерінде айтылған.

Қазақ тілінің дыбыстық грамматикалық және лексикалық құрылысының жан-жақты зерттеле бастауы Кеңес дәуірінде болғанмен, олардың зерттелу тарихы революциядан бұрын басталды.

Токаш Бокиннің сөздігінде оңтүстік сөйленістерге тән тұма (бұлақтың көзі, қайнар), тана (тайынша), бұл (мата, тауар), камчы (камшы), маңлай (маңдай), сым (матадан тігілген шалбар) т. б. сөздер кездеседі. Революцияға дейінгі туркологтардың қазақ тіліндегі диалектілік ерекшеліктері мен оның диалектілерге бөліну – бөлінбеуі жайындағы пікірлерін екі топқа бөлуге болады:

а) В. В. Радлов, П. М. Мелиранский (әуелгі кезде), А. М. Позднеев қазақ тілінің диалектілерге бөлінуін жоққа шығарды;

ә) Н. И. Ильминский, Н. Ф. Катанов, П. М. Мелиранский, М. Тереньтев т. б. қазақ тілінің барлық жерде біркелкі емес, өз ішінде диалектілік ерекшеліктері бар екенін мойындады. [2;17-18]

Кеңес дәуірінде зерттеулерде диалектология мәселелері жөнінде ең алғаш мақала жазған белгілі жазушы – *ғалым Жүсіпбек Аймауытов*, кейінен өзінің «Жергілікті тіл ерекшеліктері» атты еңбегі жарық көрді. Елуінші жылдардың соңына қарай Ш. Сарыбаев, Ж. Болатов, О. Нақысбеков Көкшетау облысы, Щучинск, Еңбекшілдер, Қызылту, Ленинград аудандарынан зертеу жұмысын жүргізді.

Профессор С. Аманжолов қазақ тіліндегі диалектілердің пайда болуы мен қалыптасу тарихын қазақ жеріндегі бұрынғы тайпалық одақтармен, жүздермен байланыстырып қарайды. Қазақ жеріндегі үш жүз – үш тайпалық одақ ретінде қазақ біртұтас халық болып құрылғанынан көп бұрын, 7 – 9 ғасырлардың арасында қалыптасты деп қорытынды жасайды. Жүздердің қалыптасу негізінде рулардың тайпаларға, тайпалардың тайпа одағына бірігуі жатыр. Мұның өзі тілге әсер етіп, әр жүздің өз ішінде тілдің де біріңғайлылығы қалыптаса бастаған. Сөйтіп, үш жүздің қалыптасуымен үш жергілікті диалект пайда болған. Қазақтың халық тілі мен ауыз әдебиеті үлгілерінен жиналған материалдарды және қазақ тілінің тарихын зерттеу нәтижесінде С. Аманжолов қазақ тілінде үш диалект бір деген қорытындыға келді. Олар мыналар:

а) оңтүстік диалектісі – Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарын және Талдықорған мен Қызылорданың кейбір оңтүстік аудандарын қамтиды.

ә) батыс диалектісі – Батыс Қазақстан, Гурьев (Атырау), Ақтөбе облыстарын және Қызылорданың солтүстік аудандарын, Қостанайдың кейбір батыс аудандарын қамтиды.

б) солтүстік – шығыс диалектісі – Ақмола, Павлодар, Семей, Шығыс Қазақстан, Көкшетау, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстарын және Қостанай мен Талдықорған облыстарының кейбір аудандарын қамтиды [2;24-25].

Біздің ойымызша, қазіргі таңда қазақ тіліндегі диалект мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып табылады, себебі әртүрлі дерек көздерінде диалект деген не екендігі айқын анықталып жазылмаған. Сондықтан ең бірінші кезекте жергілікті ерекшеліктер, диалект, говор және наречие қандай ұғымдар екенін нақты анықтауымыз қажет.

Жалпыға ортақ терминдік анықтамаға сәйкес, диалект (гр. *Διάλεκτος* - говор, сөйленіс) — белгілі бір аймақ, облыс тұрғындары қолданатын тіл ерекшеліктері бар халық тілінің бөлігі. Диалект халық тілінің құрамына кіре отырып, өзіне тән лексикалық, дыбыстық, грамматикалық ерекшеліктерге ие болады. "Диалект" термині "говор", "говорлар

тобы" және "наречие" мағыналарында да қолданылады.

Лингвистика ғылымының көрнекті маманы И.Р. Галпериннің айтуы бойынша бірнеше сөздер тобы ағылшын тілінің әдеби сөздер қатарына жатпайды, сондықтан олар стилистикалық функциялары анық болмауы мүмкін. Диалект сөздері ағылшын тілінің ұлттық шегінен шықпайтын, белгілі бір аймаққа қатысты қарастырылады. [3;110-111]

Ал неміс тіліндегі диалектік ұғымды қарастыратын болсақ, неміс тіліндегі жергілікті ерекшеліктер неміс тілінің диалектері деп аталады және олар стандартты неміс тіліне қатысты.[4; 2] Диалект деген термин тілде жалпы халықтық сипат алмаған, белгілі бір жерде ғана қолданылатын ерекшеліктердің жиынтығын, өзіне тән тілдік ерекшеліктері бар жекеленген аймақ, территорияны білдіреді. Бұл мағынада диалект халық не ұлт тілінің құрамды бөлігі болып табылады.

Говор жергілікті диалектердің шағын аймағын қамтитын бөлігі. Мәселен, Қазақстан жағдайында диалект екі үш облыс көлеміндей жерді қамтыса, говор бір облыс немесе екі үш аудан көлеміндей жерді қамтуы мүмкін. Жергілікті ерекшеліктердің таралу шегіне қарай кейбір кейбір тілдерді говорлар подговорға бөлінеді.

Негізгі диалектілік ерекшеліктері біріңғай болып келген говорлардың жиынтығы *наречие* деп аталады.[5;4]

Қазақ тіршілігіне аса тән нәрсе *киіз үйдің* өзін батыс қазақтары *ағаш үй*, Жетісу қазақтары *қазақ үй*, Шу маңы боз үй, Сыр мен Амудария бойының қазақтары *қара үй* деп айтады. Сол тәрізді батыс өңірлерінің қазағының тіліндегі етістіктің осы шағын білдеретін *барасыңыз, келесіңіз*, немесе етістіктің келер шағын білдеретін *баражақ, кележақ* кесілді тұлғалар өзге жердің қазағының тілінен байқалмайды.

Ал енді ағылшын диалектерінің даму тарихын қарастыратын болсақ, көптеген жерлерде қарастырылғандай Англияда 3 тіл болған еді: *ағылшын тілі, француз тілі (англо-нормандық) және латын тілі*. Жергілікті халық қолданған ағылшын диалектерінің халық арасында бірдей сарында қолданылды, олар диалектермен көптеген туындылар жазды дегенмен олар ағылшын тілі мемлекеттік тіл ретінде қолданылмаған еді. Латын тілі шіркеу мен ғылымының тілі болған еді.[6;26-29] Ағылшын тілінде жазылған ең алғашқы мемлекеттік құжат Генрихтің Прокломациясы III (1287).

XIV ғасырды Лондон диалектісі 4 түрлі диалект тұрған еді. Оның негізгі диалектік базасы сол кезде шығыс-орталық диалекті болатын. Егер XIII ғасырда лондон диалектінде оңтүстік-батысы ерекшеліктері басым болса, XIV ғасырды шығыс –орталық бағыты толығымен басым болды. Сонымен ірге ол оңтүстік –батыс диалектілерінің ауқымды бөлігін және басқа диалектерді де қамтиды. Батыс-орталық диалектері лондондық диалектке ең аз мөлшерде әсер етті. Лондон бұл кезде үлкен сауда орталығы, шіркеулік мекемелдің орталығы болатын; бұл жерге жердің түкпір- түкпірінен түрлі ман иелері келіп жатты; қашқын вилландарт (шаруалар) осы жерден пана іздейтін. Әртүрлі диалекттерді қолданатын басқа аудандардық адамдары басқа адамдармен сөйлесу аясында өз диалектерінің белгілерінен айырыла бастайды.

1384 жылдан XV ғасырдың ортасынан бастап лондондық грамоталардың жинағы өте құнды деректер болып табылады. (London Charters and Documents). XIV ғасырдың басында Адам Дэвидің өлең жолдары лондон диалектінде жазылған; Екінші жарты – Джефффри Чосер, Джон Гауэра және Джон Уклифтермен ұласады. Чосер - Шекспирдің кезеңіне дейінгі кезеңде өмір сүрген әйгілі ағылшын жазушысы. Оның шығармалары: “The Canterbury Tales”, “The Legends of Good Women”, және т.б. Оның шығармалары көптеген көшірмеде мемлекет ініде тез тарады.

Қазіргі таңда британдық ағылшын тілінде келесе диалект түрлері бар:

- **Received Pronunciation** (қабылданған стандарт) – бұхара ақпарт көздерімен және ұлттық стандарттық тіл ретінде қабылдаған тіл.
- **Conservative English** (консервативті) –парламент мүшелері және патша отбасы қолданатын ақсүйектер ағылшыны.
- **Advanced English** (қазіргі заманғы) – құрамына басқа диалектерді енгізген,

қысқартылған, қарапайым және тез өзгермелі тіл.

Қазіргі заманда қолданылатын ағылшын тілі лексика тұрғысынан өзгерістерге көп ұшырайды. Заманның өзгеруіне байланысты, жаңа процесстердің ашылуына байланысты ескі және жаңы атаулар, ұғымдар пайда болады. Қазіргі таңда ағылшын тілінде көптеген диалектер бар. Олар: Скауз — Ливерпуль тұрғындарының диалекті, Джорди — Нортумберленд тұрғындарының диалекті, West Country East Anglia (Шығыс Англия), Birmingham (Brummy, Brummie) (Бирмингем), Cornwall (Корнуолл), Cumberland (Камберленд), Central Cumberland (Камберленд), Devonshire (Девоншир), East Devonshire (Шығыс Девоншир), Dorset (Дорсет), Durham (Дарэм), Bolton Lancashire (Лэнкэшир), North Lancashire, Radcliffe Lancashire, Northumberland (Нортумберленд) және т.б.

Ағылшын тілінде диалектер бар екендігі ғылыми дәлелденген құбылыс. Зерттеудің барысында біздер ағылшын диалектерінің фонетикалық, лексикалық және синтаксистік ауытқу формалары болтындығын анық көрінді. Дәл осындай құбылыс қазақ тілі сөздерінде де айқын байқалады.

Ең біріншіден, *фонетикалық ерекшелік* ұғымына не кіретіндігін анықтап қарайтын болсақ, оған сөздің дыбысталуы, айтылым базасы, дыбыстың айтылымы, естілімі. Осы тұрғыдан ағылшын және қазақ тілдерін салыстырып, келесі мысалдарды ұсынғымыз келеді. **Ағылшын тілі диалектерінің фонетикалық ауытқулары:** ‘E’ мен ‘A’ алмасуы: *Trap and cat so these sounds like “trep” and “cet.”*, *What time is it ?-Wot nickle and dime is it?*, *I went to the store yesterday - I went ter the store yesterday*, ‘A’ және ‘I’: *kite* және “*kate*”. **Қазақ тілі тілі диалектерінің фонетикалық ауытқулары:** Қай жаққа – қай яққа, ‘C’ пен ‘Ш’ алмасуы: мысық – мышық, есек – ешек, масқара – машқара, ‘C’ пен ‘Ш’ алмасуы: мысық – мышық, есек – ешек, масқара – машқара; ‘Ш’ мен ‘Ч’ алмасуы; шұқырау – чұқырау, шана – чана, шеге – чеге, шикі – чикі, шүберек – чүберек; ‘Д’ мен ‘Л’ алмасуы: теңдік – теңлік, тыңда – тыңла, маңдай – маңлай, адамау – аңламау; ‘Б’ мен ‘П’ алмасуы: болат – полат, бітіру – пітіру, бейнет – пейнет, бакыр – пақыр, байқау – пайқау; ‘Ң’ мен ‘Н’ алмасуы: ертен – ертен, өлең - өлен, көбең – көбен, қалың – қалын.

Ағылшын және қазақ тілдерінің тілдік ерекшеліктерін фонетикалық тұрғыдан салыстыру негізінде олардың бірін – біріне ұқсас екенін айқындадық. Мысалы, ағылшын тіліндегі ‘*kite*’ және “*kate*” сөздері ‘A’ және ‘I’ әріптерінің алмасуының қатысты өзгерсе, қазақ тіліндегі «теңдік – теңлік», «тыңда – тыңла», «маңдай – маңлай» сөздерінде *Д’* мен *Л’* алмасуы арқылы фонетикалық ерекшеліктер айқын байқалады.

Екіншіден, *лексикалық ерекшеліктер* тұрғысынан салыстыру жұмыстарының барысында келесі ұқсастықтар айқын көрінді. Лексика — тілдегі сөздердің жиынтығы, сөздік құрам. Лексикаға тілдегі барлық сөздер кіреді. Актив сөздерге күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөздер жатады. Ауданына қатысты өзгертін сөздерді *диалектизм* деп атаймыз. Ағылшын тіліндегі диалект мысалдары: *Adam and Eve –believe, Apples and Pears-stairs, burn –stream, clatty – dirty, clash bag – a gossip, muckle (away, fine, know, night, great/much)*. Қазақ тіліндегі диалект мысалдары: дарбаза - қақпа, бәдірең, әгуршік - қияр, кәттә - зор, үлкен, ауқат - тамақ, бітпе - жазба, шашық, орамал - сүлгі.

Ағылшын және қазақ тілдерінің лексикалық вариациялары аумақтық шамаға қатысты қарастырылады. Мысалы, Шотландия ағылшын тіліндегі «бала» сөзі «*bairn*» деп аталса, оның әдеби нұсқасы «*child*», сол секілді бұл құбылыс қазақ тілінде де анық көрінеді. Мысалы, Қазақстанның оңтүстік аймақтарында жейтін тағамды немесе асты «ауқат» деп атаса, оның әдеби нұсқасы «тамақ» болмақ. Сондықтан, қазақ және ағылшын тілдеріндегі лексикалық ерекшеліктердің орын алуы, біздерге тағы да қазақ тілінде диалектердің бар екендігін көрсетеді.

Үшіншіден, *грамматикалық ауытқулар* тұрғысынан салыстырулар жүргіздік.

Лингвистикалық тұрғыдан грамматика жалпы өзгерулеге оңай түспейтін салалардың бірі, себебі грамматиканың өзгеруі үшін көптеген жылдар, ғасырлар қажет. Соған қарамастан, біздер ағылшын және қазақ тілдеріндегі тілдік ерекшеліктердің грамматикалық тұрғыдан өзгертінін байқадық. Етістіктің жекеше 2 – жақ бұйрық райының - *ғын*, - *гін*, - *қын*, - *кін*, -

ың, - ің қосымшалары арқылы жасалған тұлғалары кездеседі: *сұғырғын* (суыр), *айтқын* (айт), *келгін* (кел), *барың* (бар), *көрің* (көр).

Бұйрық райлы етістіктің көпше 1 – жағының – **лы, - лі** қосымшалары арқылы жасалған тұлғалары кездеседі: *баралы* – барайық; *келелі* – келейік.

Қалау райдың бар, жоқ сөздері арқылы жасалған түрлері кездеседі: барғым бар – барғым келеді, *барғым жоқ* – барғым келмейді.

Көмектес септігінің - **мынан, - бынан, - нынан** қосымшалары арқылы жасалған түрлері кездеседі: *атпынан келу* – атпен келу, *пойызбынан бару* – пойызбен бару.

Септік жалғауларының қызметінде ауысушылық байқалады: *мұғалімге оқыдым* – мұғалімнен оқыдым. Мысалы, I wish you **was** mine- *Арысқа тұрамын* – Арыста тұрамын немесе *You is- барғым жоқ* – барғым келмейді.

«Диалект – халық тілі» деген сөз босқа айтылмаса керек, себебі қарапайым адамдардың күнделікті өмірлерінді жұмыс істеу үшін, белгілі бір кәсіппен айналысу үшін қолданылан сөздері, сол халықтың жылдар бойы қалыптасқан танымынан бастау алады. Сол себепті, біздер өз жұмысымыздың барысында сұрақ – жауап және статистикалық әдістерді қолданып, халық арасында сауалнама жүргіздік.

Сауалнамаға қатысқан адамдар 16-62 жас аралығындағы білімді, диалектологиялық саласына қатысы жоқ, Қазақстанның Көкшетау, Қостанай, Шымкент, Орал, Атырау, Қызылорда, Қарағанды, Тараз, Ақтөбе, Павлодар, Семей және тағы басқа қалаларынан келген, жоғарғы оқу орындарының студенттері мен қазақ тілі пәнін тіл мамандары болып, жалпы 100 адам қатыстырылды. Біздер сауалнама барысында, диалектерден құрылған мәтінді қолданып, сол мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіндіруін сұрадық. Адамдар сөз мағынасын толық түсініп, түсінбеуіне балынысты сауалнамаларға қатысушыларға «*толық түсінікті*», «*жартылай түсінікті*» және «*түсінікті емес*» деген жауап нұсқалары берілді. Біздің бақылауымызша көптеген адамдар мәтіндегі сөздердің жанама мағынасын контекстке байланысты түсініп жатты, алайда әрбір жеке сөздің тура мағынасын дәлме – дәл ашып бере алған жоқ.

Сонымен, статистикалық талдаудың негізінде шығарылған сауалнама қорытындысы, толық түсінікті (24%), жартылай түсінікті (64%), түсінікті емес (12%) көрсеткішін көрсетіп, халық ауқымды бөлігі тілдік ерекшеліктерді жартылай түсінетіндіктері көрсетіліп, адамдар арасында тілдік ерекшеліктердің, яғни диалектизмдердің қолданылатындығын айқын көрсетті.

Халықтың нағыз тілі – диалект екендігі ғасырлар бойы дәлелденген шындық. Біздің сөзіміздің негізгі түйіні ретінде ағылшын және қазақ тілдеріндегі жергілікті тілдік ерекшеліктерді зерттеп, салыстыра отырып қазақ тілінде ағылшын тілінің ерекшеліктеріне байланысты халық арасында қолданылатын жергілікті тілдік ерекшеліктері, яғни диалектер бар деген тоқтамға келдік.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 2010. – 335 бет.
- 2 Аманжолов С. Оңтүстік диалектісінің зерттелуі. Дипломдық жұмыс - зерттеу жұмысы. - 66
- 3 Galperin I.R. Stylistics. – Moscow, 1971. - 333 p
- 4 Английские диалекты американского и британского языков [Электрондық ресурс]: <http://www.homeenglish.ru/grdial.htm>.
- 5 Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. - Алматы, 1991. - 216 б.
- 6 Иванова И.П., Чахоян Л.П., Беляева Т.М. История английского языка. С-Пб., 2010. - 557 б.
- 7 Baugh, Albert & Cable, Thomas. 2002. 5th ed. A History of the English Language. Routledge.